

2-апта (06.12-10.12.2021 жыл)

№9 «Балдырған» кіші топ

Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем»

Апталық тақырып: Қуыршақтың киімдері

Мақсаты: Балаларды жиһаздар түрлерімен таныстыру, олардың қолдану аясын түсіндіру, киімдер туралы білімдерін кеңейту. Балаларды заттың ортада қасиеттері мен сапасы туралы түсінігін кеңейту. Ыдыстарды қарау, зерттеу, ажыратып олардың көлемін, түсін, пішінін, бөлшектерін және бөлімдерін атай білуге үйрету. Балаларға қыс мезгілінің, ауа-райының мезгіліне қарай өзгерістерін бақылауға дағдыландыру.

Міндеттері:

- жиһаздардың қолдану аясымен түсіндіру;

- әр жыл мезгіліне арнап тігілген киімдердің айырмашылығын түсіндіру;

- қызықты қимылды жаттығулар, сенсорлық ойындар ұйымдастыру арқылы түсініктерін кеңейту.

- танымдық сипатта сұрақтар қою арқылы қоршаған ортаға деген қызығушылығын арттыру.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 06.12.2021	Сейсенбі 07.12.2021	Сәрсенбі 08.12.2021	Бейсенбі 09.12.2021	Жұма 10.12.2021
Балаларды қабылдау	Балалармен амандасу, балалардың дене қызуын өлшеп, тазалықтарын тексеру. Денсаулықтарын тексеру. Табиғат бұрышында әңгімелесу. Демалыс күндері қалай өткізгендерін сұрау, әңгімелесу.				
Ата – аналармен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен амандасу Ата-аналарға балаларды таңертеңгі қабылдау уақытынан кешіктірмей әкелулерін сұрау.				
Ойындар (үстел – үсті, саусақ және т.б)	"Ойыншықтар" Біздер де бар қуыршақ Бұзау қозы құлыншақ Ойыншықтар тыңдайды, Ақыл айтсақ, бұйырсақ. Қуыршақтар ұйықтайды, Айтқаныңнан шықпайды. Бұзау, қозы, құлыншақ "Ұйықта" десен ұйықтайды. Тындамайды ұрысса Осынысы дұрыс па? Тентектігін қоймаса Тұрғызамыз бұрышқа.	Ойлан тап! Түйе, бота маң басқан, Төрт аяғын тең басқан, Шұнақ құлақ бес ешкі, Қос-қос лақты қос ешкі Төрт қозылы екі қой Бәрін бірдей ойлап қой	Психологиялық жаттығу. Жылқы-мылқы, Ойын-күлкі, Сиыр-миыр, Ешкі-мешкі Қозы-мозы Торғай-морғай, Қос сөздер осылай. Оңға атта. Түйе-мүйе, Қой-мой Сол жаққа	Саусаққа жаттығу Алақанды қыттықтай отырып, айту. Қуыр, қуыр, қуырмаш Балапанға бидай шаш. Бас бармақ Балаң үйрек Ортан түйрек Шылдыр шүмек Кішкене бөбек Сен тұр- қозына бар. Сен тұр- лағына бар. Сен тұр- бұзауына бар. Ал, сен, алаңдамай Қазан түбін жалап, үйде жат!	Дидактикалық ойын: "Биік аласа" Мақсаты: Балаларға заттың көлемін анықтайтын "биік- аласа" ұғымымен таныстыру.

Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгілік жаттығу кешені №4				
Таңғы ас	Тамақты төкпей, ұқыпты ішуге үйрету. Үстел басында дұрыс отыруға, жанындағы балаларға кедергі болмауды ескерту. Тамактанып болған соң "алғыс" айтуға үйрету.				
Ұйымдастырылған оқу – қызметіне дайындық	<p>Дидактикалық ойын: "Қуыршаққа арнап бөлме дайындаймыз" Мақсаты: Балаларға жиһаздар туралы түсінік беру, жиһаздарды ажырата білуге, атауға үйрету. Олардың не үшін қажет екенін айту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Дидактикалық ойын: "Кім не істейді?" Мақсаты: Балаларға мамандық туралы түсіндіру. Олардың қызметтерін айту арқылы сөздік қорларын дамыту.</p>	<p>Қимылды ойын: "Алақанды қойып секір" Мақсаты: Балаларды қос аяқтап, биікке секіруді үйрету. Тәрбиешінің белгісі бойынша қимылдауды қалыптастыру</p>	<p>Дидактикалық ойын: "Көкөністі таны да, ата" Мақсаты: Балаларды көкөністерді танып, дұрыс атауға "Біртіндеп ал" тапсырмасын түсініп, орындауға үйрету</p>	<p>Қимылды ойын: "Сызықты басып кетпе" Мақсаты: Балаларды еңбектеуге үйрету, тепе-теңдікті сақтауды қалыптастыру.</p>
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ	<p>1. «Таным» Жаратылыстану Тақырыбы: «Қуыршақты серуенге шығару үшін киіндіреміз» Мақсаты: Балалардың киім туралы түсініктерін анықтату, киім атауларын бекіту, киім кию реттілігін есте ұстауға үйрету, эстетикалық талғамдарын қалыптастыру арқылы әдемілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Әдіс-тәсілі: көрсету, түсіндіру, отбасы</p>	<p>1. «Шығармашылық» Музыка Тақырыбы: «Көңілді қуыршақтар» Г.Жотаева Мақсаты: Музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға, ересектермен бірге ән салуға, әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету.</p>	<p>1. «Қатынас» Көркем әдебиет Тақырыбы: «Киім дүкені» Мақырыбы: Желілік ойын арқылы балаларды киім түрлерімен таныстыру, ұл мен қыздың киімін ажырата білуге үйрету. Бір - екі сөздермен сөйлем құратып, ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту. Ұқыптылыққа баулу. Әдіс-тәсілі: түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап.</p>	<p>1. "Шығармашылық" Музыка Тақырыбы: «Көңілді қуыршақтар» Г.Жотаева Мақсаты: Балалардың әнді қайталата отырып, есте сақтау қабілеттерін дамыту, ырғақты сезінуге тәрбиелеу. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Қуыршақпен билейміз» 2. "Денсаулық" Дене шынықтыру</p>	<p>1. "Денсаулық" Дене шынықтыру Тақырыбы: «Аружан қуыршағы» Мақсаты: Балаларға Аружанның қуыршағының киімдерін таныстыру Түрлі бағытта жүгіру Қол тигізгенге дейін секіру «Масаны ұста» Шеңбер болып жатқан жіптің бойымен жүру. 2. "Таным" Құрастыру Тақырыбы: «Киім сөресі» (құрылыс</p>

	<p>мүшелерімен таныстыру, ермексазбен жұмыс жасау, сергіту сәті, қоыртындылау, мадақтау.</p> <p>Қажетті құрал-жабдықтар: тақырыпқа байланысты суреттер</p>	<p>Музыкалық – ырғақты кимыл: «Қуыршақпен билейміз»</p> <p>2. «Денсаулық» Дене шынықтыру</p> <p>Тақырыбы: «Қуыршаққа қонаққа барамыз»</p> <p>Мақсаты: Жол бойымен жүріп, қуыршаққа қонаққа барамыз. Тәрбиешінің соңынан «Шағын топпен» жүру «Қуыршаққа қонаққа барамыз».</p> <p>«Қуыршақты қуып жет» тапсырмалар арқылы жүгіру. Бір орында қос аяқтап секіру. Жағымды эмоция алу үшін, ойыншықтармен ойнау ниеттері үшін жағдай жасау.</p>	<p>Қажетті құралдар: Ерден атай, Айару (ойыншықтар), қуыршақ театры, жұмыс дәптер.</p> <p>Картатека №13</p> <p>Дидактикалық ойын: "Қай аң екенін тап".</p> <p>Мақсаты: үстелдің үстіне аңдардың суретін теріс қаратып қою. Балаларды кезекпен шақырып, бір сурет таңдап алып, аңдардың кимылын көрсету.</p> <p>2.</p> <p>«Шығармашылық» Сурет салу</p> <p>Тақырыбы: «Мойынорағышты әшекейлеу»</p> <p>Мақсаты: Саусақпен сурет салу әдісімен таныстыру. Балаларды саусақты бояуға малып, ұсынған пішін бойынша із қалдыру. Қызыл түсті тануға үйрету арқылы жұмыс жасауда ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Әдіс-тәсілі: тапсырмалар, көрсету, логикалық сұрақ.</p> <p>Қажетті құралдар: тақырыпқа сай</p>	<p>Тақырыбы: «Ойнағанды жақсы көреміз»</p> <p>Мақсаты: Жіптен ұстап шеңбер жасап жүру. 3 м төрттағандап еңбектеу. Жаттығуларды орындау барысында сақтық білдіруге үйрету.</p>	<p>материал)</p> <p>Мақсаты: балаларға киімдер туралы түсінік бере отырып, құрылық материалдарынан киім көресін құрастыруға үйрету, педагогтың шарты бойынша құрылық материалдарын кеңістікте орналастыру.</p> <p>Әдіс-тәсілі: түсіндіру көрсету, сұрақ-жауап.</p> <p>Қажетті құралдар Ерден атай, Айару (ойыншықтар), қуыршақ театры жұмыс дәптер.</p> <p>Картатека №13</p> <p>Дидактикалық ойын: "Қай аң екенін тап".</p> <p>Мақсаты: үстелдің үстіне аңдардың суретін теріс қаратып қою. Балаларды кезекпен шақырып, бір сурет таңдап алып, аңдардың кимылын көрсету.</p>
--	---	--	--	--	---

			суреттер, жұмыс дәптері. Картотека №13 Дидактикалық ойын: "Көршісін тап". Мақсаты: балалар сандардың көршісін табады.		
Серуенге дайындық	Балаларды өз беттерімен реттілікпен киіне білулеріне үйрету. Өз беттерімен шешінулерін, киімдерін рет-ретімен жинауын қадағалау, үйрету. Қолдарын дұрыс (көбіктенгенше сабындау) жууға үйрету, құрғатып сүртуге үйрету.				
Серуен	<p>1. Бақылау:Қыс мезгілін бақылау.</p> <p>2. Еңбек: Ойын алаңындағы жапырақтарды жинату.</p> <p>3. Қимылдық ойын: «Жалаушаға қарай жүгір».</p> <p>Мақсаты: балалардың жылдамдығын арттыру.</p> <p>4. Жеке жұмыс: Сезімнен өткен өлең жолдарын сұрау.</p> <p>5. Еркін ойындар.</p>	<p>1.Бақылау: Жолдағы көліктерді бақылау.</p> <p>2. Еңбек: Құстарды бақылап, оларға жем беру.</p> <p>3. Қимылдық ойын: «Маған қарай жүгіріндер».</p> <p>Мақсаты: балалардың қимыл-қозғалысын дамыту.</p> <p>4. Жеке жұмыс: Әлжаннан түстерді үш тілде сұрау.</p> <p>5. Еркін ойындар.</p>	<p>1. Бақылау: Аспанды бақылау.</p> <p>2. Еңбек: Ересек балаларды бақылау.</p> <p>3. Қимылдық ойын: «Қақпан».</p> <p>Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа үйрету.</p> <p>4. Жеке жұмыс: Інжуден көп және аз ұғымдарын ажыратуға үйрету.</p> <p>5. Еркін ойындар.</p>	<p>1. Бақылау: Ауа райын бақылау.</p> <p>2. Еңбек: Ойын алаңындағы тастарды жинату.</p> <p>3. Қимылдық ойын: «Жапалақ».</p> <p>Мақсаты: балаларды аңғарымпаздыққа үйрету.</p> <p>4. Жеке жұмыс: Рахманнан өзі білетін тақпағын сұрап,айтқызу.</p> <p>5. Еркін ойындар.</p>	<p>1. Бақылау: Бұлғтарды бақылау.</p> <p>2. Еңбек: Ойын алаңындағы ойыншықтарды жинау.</p> <p>3. Қимылдық ойын: "Күн мен түн".</p> <p>Мақсаты: балаларды ептілікке, жылдамдыққа баулу.</p> <p>4. Жеке жұмыс: Шамильден көкөністер мен жемістер туралы сұрау.</p> <p>5. Еркін ойындар.</p>
Серуеннен оралу	Өз беттерімен шешінулерін, киімдерін рет-ретімен жинауын қадағалау, үйрету. Беті қолдарын жуу, сабындау.				
Түскі ас	Үстел басына қол жуғаннан кейін отыру. Орындыққа өзі отырып, тұру. Өз орындарына ыңғайлы отыруларын ескерту. Қасықты оң қолдарына ұстауға тәрбиелеу. Тамақты ұқыпты ішу, болған соң майлықты дұрыс қолдана білуге үйрету. Асты төкпей, мұқият ішуге дағдыландыру. "Рахмет" сөзін айтқызу.				
Түскі ұйқы	Балаларға ертегі айта отырып ұйықтату.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту,	Балалардың бас, қол, аяқтарына керілу, созылу қимыл- қозғалыс жаттығуларын жасату. Түкті кілемше үстімен жүргізу.				

сауықтыру шаралары					
Бесін ас	Тамақ ішу кезінде сөйлемей, тыныштық сақтап тамақтану дағдыларына үйретуді жалғастыру.				
Ойындар, дербес әрекет.	Өтілген әнді балалармен қосылып бір-бірінен қалыспай, бірге айтуға үйрету.	Үстел үсті ойыны. "Құрылыс ойындарын ойнаймыз". Мақсаты: Құрылыс ойыншықтарымен таныстыру.Түстерін айтқызу.	Сюжеттік ойын: "Дәрігер". Мақсаты: әр мамандықтық иелерін құрметтеуге үйрету.	Балаларға "Бауырсақ" ертегісін үстел үстінде көрсету арқылы айтып беру. Ертегі арқылы тілдерін дамыту.	Дидактикалық ойын: "Ғажайып сағат". Мақсаты: балаларды мейірім мен сүйіспеншілікке тәрбиелеу.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Әлжаннан түстерді сұрау.	Рахманнан қимыл-қозғалысын арттыру мақсатында қимыл жаттығуларын жасау.	Сезімнен жеке жұмыс жүргізу.	Инжуден ертегіден түсінгенін сұрау.	Шамильден түстерді сұрау.
Серуенге дайындық	Беті қолдарын салқын сумен жуып, сергу. Киімін ретімен киюге үйрету. Аяқ киімдері мен киімдерін оң киюге үйрету.				
Серуен	1.Бақылау: Күнді бақылау. 2.Қимылдық ойын: «Күн мен түн». Мақсаты: балаларды ептілікке, жылдамдыққа баулу. 3.Еркін ойындар	1.Бақылау: Ағаштарды бақылау. 2. Қимылдық ойын: «Ақ коян». Мақсаты: Ойын сөздерін бірге айтқызып, барлық балаларды көңілді ойынға тарту арқылы қимыл -қозғалыстарын дамыту. 3.Еркін ойындар	1.Бақылау: Қысқы өзгерістерді бақылау. 2.Қимылдық ойын: «Торғайлар мен мысық». Мақсаты: балаларды ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу. 3.Еркін ойындар	1.Бақылау: Қысқы ауа- райын бақылау. 2. Қимылдық ойын: «Мысық пен тышқан». Мақсаты: Балаларды шапшандыққа тәрбиелеу. 3. Еркін ойындар	1.Бақылау: Желді бақылау. 2.Қимылдық ойын: «Сұр көжек жуынып жатыр». Мақсаты: Ойын сөздерін бірге айтқызып, барлық балаларды көңілді ойынға тарту арқылы қимыл -қозғалыстарын дамыту. 3. Еркін ойындар
Балалардың үйіне қайтуы.	Ата-аналарға балаларға өтілген өлең жолдарын үйден қайталатып жаттатуларын сұрау.	Үлкен, кіші мағынасын балаларға үйдегі немесе үйге барар жолдағы	Ата-аналарға балаларды жылы киіндіруді айту.	Балалардың тамақ ішу кезінде үстелде дұрыс отыруын қадағалауды өтіну.	Демалыс күндеріне сәттілік тілеп, үйлеріне шығарып салу.

